



«Бекітілген»

Б. СЕЙСЕКЕНОВ ЖББОМ КММ директоры

Б.Ж.Жумагулова

2023 ж

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Наур Ж.М.Молдабаева

«31» 08 2023 ж

ӘБ отырысында ҚАРАЛДЫ

Хаттама № 1 «31» 08 2023 ж

Класс жетекшілер ӘБ жетекшісі

Сағат

Қасымова А.А

**«Б.СЕЙСЕКЕНОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП» КММ
«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
7 - СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ Н.Р.АБАЕВАНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

2023 жыл

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай - 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Орта буын бойынша ұсынылатын индикаторлар (5-8 сыныптар)

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ»

- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

«АР-ҰЯТ»

- Әдеп нормаларын ұстану;
- Отбасының, өз ортасының абыройын асыру;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

«ТАЛАП»

- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Физикалық белсенді болу;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» «Еңбек бәрін де жеңбек»	7-сынып	Сынып сағаты	«Менің сүйікті мектебім» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	01.09.2023 ж
2	«Тілі бірдің – туы бір» 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған сағат	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.09.2023 ж
3	«Отбасы – бақыт мекені»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.09.2023
4	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	18.09.2023

5	«Күнделікті өмірдегі адалдық»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.09.2023 ж
---	-------------------------------	---------	--------------	-------------------------	--------------

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	02.10.2023 ж

2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	09.10.2023 ж
3	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	16.10.2023 ж
4	«Республика күні – ұлттық рухты көтеретін мереке»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	23.10.2023ж

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.11.2023
2	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.11.2023
3	«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.11.2023
4	«Отаншылдық және оның мәні»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	27.11.2023

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	04.12.2023ж
2	«Тәуелсіздік – бабам берген аманат»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	11.12.2023ж
3	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	25.12.2023 ж
4	«Ар-ұят және жауапкершілік»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	08.01.2023ж
2	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	15.01.2023ж
3	«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	22.01.2023ж
4	«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	29.01.2023ж

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Мақал – сөздіңазығы, жұмбақ – ойдыңқазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	05.02.2023ж
2	«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»	7-сынып	Ата-ана сағаты	Ата-ана сағатының жоспары	12.02.2023ж
3	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	19.02.2023ж
4	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	26.02.2023ж

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	04.03.2023 ж
2	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	11.03.2023 ж
3	«Наурыз – берекенің бастауы!»	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	18.03.2023 ж

СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	01.04.2023
2	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	08.04.2023
	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	15.04.2023
3	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	22.04.2023
4	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	7-сынып	Сыныпсағаты	Сынып сағатының жоспары	29.04.2023

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Толеранттылық – ұлттар достығы»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	06.05
2	«Жеңіс деген шат күлкісібаланың» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	13.05
3	«Мейірімділік құндылығы»	7-сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	20.05